

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы N 166 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 қыркүйектегі N 414 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 12 тамыздағы № 139 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.08.12 N 139 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы N 166 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 30, 320-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі туралы ережеде:

1 0 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) қаржы орталығына қатысушыларды аккредиттеу;"

9) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) қаржы орталығын дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске а с ы р у ;

11) бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын жақсартуға жәрдемдесу.";

1 1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) және 2-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) қаржы орталығына қатысушы ретінде аккредиттелу туралы куәліктер беру;"

"2-1) Қаржы орталығына қатысушы ретінде аккредиттеу ережесін бекіту;"

8) тармақшада "бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен" деген сөздер " Үкіметі белгілеген мөлшерде және тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

17 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Агенттік атынан өкілдік етеді;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерді жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және еңбек шартын бұзуды жүзеге асырады;"

7) тармақшада "Агенттіктің" деген сөзден кейін "жұмыс регламентін және" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) Агенттіктің алқасы туралы ережені бекітеді және оның құрамын анықтайды;"

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің құрылымы мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Үйлестіру басқармасы - өкілдік (Астана қаласы)".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті